

**Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2013 жылғы «03» желтоқсандағы
№ 604-ө-м бұйрығымен
бекітілген**

**Ұйымдардағы еңбекті қорғау
қызметі қызметкерлері санының нормативтері**

**Астана қ.
2013 ж.**

1. Жалпы бөлім

1.1. Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (бұдан әрі – ЕҚЖҚ) қызметі қызметкерлерінің сан нормативтері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің санын анықтауға арналған. Есептеудің негізіне еңбекті қорғау және негізгі функцияларды жүзеге асыруға шығындалатын уақыт нормативтері алынған. Уақыт нормативтері негізгі жүзеге асырушы жұмысының көрсетілген өлшеуіш бірлігіне адам-сағат бірлігімен құрылған.

1.2. Сан нормативтері ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерін ұйымдастыру құрылымын жасау шарттарын көздейді.

1.3. Сан нормативтері мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:
 ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру;
 қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу;
 ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу;
 лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу;
 қызметкерлерді ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту жүргізуді ұйымдастыру;
 қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
 қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру;
 қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастыру;
 ұжымдық келісімді қарастыруға қатысу;
 жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу;
 ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану мен кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау;

белгіленген нысандар бойынша есептілікті дайындау, ұйымдарда (кәсіпорындарда) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу;
 өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру;
 еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар;
 қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау.

1.4. Сан нормативтері мыналардың негізінде әзірленген:

2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-III қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі (бұдан әрі - ҚР ЕК);

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 19 шілдедегі № 166-ө бұйрығымен бекітілген Тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарының еңбек жөніндегі үлгі нормалар мен нормативтерді бекіту, ауыстыру және қайта қарау ережесі;

2008 жылғы 22 желтоқсандағы №310-ө «Жұмысшылардың еңбегін нормалау нормалары мен нормативтерін белгілеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»;

2007 жылғы 19 шілдедегі № 167-б «Қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі бойынша параметрлерді және (немесе) еңбек нормаларын ұсыну, қарау және келісу ережелері»;

2010 жылғы 19 қазандағы № 344/1-ө «Ұйымдардағы хронометраждық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»;

2011 жылғы 28 қазандағы № 1219 «Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ереже» (2012 жылғы 01 маусымдағы өзгерістерімен және толықтыруларымен);

Ресей Федерациясы Еңбек және әлеуметтік даму министрлігінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы № 10 қаулысымен бекітілген Ұйымдардағы еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің салааралық сан нормативтері;

еңбекті қорғау қызметтерінің жедел есепке алу және статистикалық есептілік деректері;

ұйымдардың (кәсіпорындардың) құрылымдық бөлімшелерінде қалыптасқан еңбектің ұйымдастырылуын зерттеу материалдары;

ұйымдарда (кәсіпорындарда) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің қазіргі бағыттары жұмыстарының құрамы бойынша материалдары;

ұйымдарда (кәсіпорындарда) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің санына жер ететін факторлардың сандық мәндері (сол немесе өзге жұмыстың уақыт нормалары);

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің негізгі жұмыстары бойынша хронометраждық зерттеулердің деректері негізінде әзірленді.

1.5. Жұмыстың бірліктерін жүзеге асыруға кететін уақыт нормативтері: шұғыл уақыттан, дайындау-аяқтау уақытынан, жұмыс орнын ұйымдастыру уақытынан, демалу және жеке басының қажеттіліктеріне шығындалған уақыттардан құралады. Ұйымдарда (кәсіпорындарда) еңбекті қорғау қызметінің негізгі функциялары мен міндеттері бойынша жұмысты орындауға кететін уақыт нормативінің көлемін есептеу шұғыл уақыт мағынасына қарай мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$H_{\text{уақыт } i} = T_{\text{шұғыл } i} \cdot \left(1 + \frac{K}{100}\right) \quad (1)$$

Мұнда $H_{\text{уақыт } i}$ - нақты жұмыс түрін жүзеге асыруға жұмсалатын уақыт нормасы, адам-сағ.

$T_{\text{шұғыл } i}$ - бекітілген норматив бойынша мөлшерленген жұмысты жүзеге асыруға уақыт нормативі, адам-сағ.

K – жұмыс орнының ұйымдық-техникалық қызметіне, демалуға (жұмыс кезіндегі паузалар, гимнастикалық жаттығулар) және жеке басының қажеттіліктеріне, сондай-ақ дайындау-аяқтау жұмыстарына шығындалған шұғыл уақыттан пайызбен ескеретін коэффициенті. Қызметкерлердің жұмыс уақыттарын хронометраждық бақылауды талдау нәтижелері бойынша K шұғыл уақыт мөлшерінің 10 пайызына тең.

Нормаланған жұмыстардың жылдық көлемі (T_n) орындалған жұмыстардың әр түрінің көлемі ескеріле отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_n = \sum_{i=1}^n H_{\text{вр } i} \cdot V_i \quad (2)$$

мұнда $H_{\text{уақыт } i}$ - нақты жұмыс түрін жүзеге асыруға арналған уақыт нормасы,

V_i – бір жылда орындалатын жұмыстың нақты түрінің көлемі, $i= 1,2,\dots,n$ орындалатын жұмыс тардың түрлері.

орындалған жұмыстардың жылдық көлемі (V_i) ұйымның өткен жылдардағы статистикалық деректеріне сәйкес айқындалады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің қажетті саны мына формуламен есептеледі:

$$Q = \frac{T_n}{\Phi_n} \quad (3)$$

мұнда C – қызметкерлердің саны, адам;

T_n – нормаланған жұмыстардың жылдық көлемі, адам-сағат;

Φ_n – бір қызметкердің жұмыс уақытының бір жылдық пайдалы қоры, сағат;

Бір қызметкердің жұмыс уақытының бір жылдық пайдалы қоры (Φ_n) жылдың жұмыс күндерінің саны мен орташа ұзақтығына көбейтумен анықталады.

1.6. Сан нормативтері, жұмыс орындарын қажетті техникамен, жабдықтармен, құралдармен қамтамасыз етуді ескере отырып, заңнама талаптарына, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелеріне, ең кең таралған еңбекті ұйымдастыру шарттарына сәйкес әзірленген.

1.7. Ұйымда ЕҚЖҚ қызметінің жұмыстарын: ЕҚЖҚ қызметінің бастығы, ЕҚЖҚ қызметінің инженері орындайды.

2. Еңбекті ұйымдастыру

Жұмыс беруші қызметкерлерінің саны 50-ден асатын санымен өндірістік ұйымдарда ЕҚЖҚ талаптарын сақталуы үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында ЕҚЖҚ қызметін құрады. ЕҚЖҚ қызметі өз мәртебесі бойынша негізгі өндірістік қызметтерге теңестіріледі және жұмыс берушінің тікелей қарамағында болады.

Қызметкерлерінің саны 50-ге дейін жұмыс беруші қызмет ерекшелігін ескере отырып, ЕҚЖҚ жөніндегі маманы лауазымын енгізеді немесе ЕҚЖҚ бойынша міндетті басқа маманға жүктейді (ҚР ЕК 339-бабы).

ЕҚЖҚ қызметінің қызметкерлері өз қызметтерінде ҚР ЕҚЖҚ бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады, атап айтқанда:

ҚР ЕК;

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1225 «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және олардың білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» қаулысын (2012 жылғы 1 маусымдағы өзгерістерімен);

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 16 шілдедегі № 157-ө «Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын әзірлеу және бекіту ережелері» бұйрығын;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-ө «Өндірістегі жазатайым оқиғаға байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығын, сондай-ақ ұйымның ЕҚЖҚ жөніндегі ұжымдық шарты мен келісімін және ұйымның нормативтік құжаттамасын негізге алады және ұйымның, еңбекті қорғау жөніндегі бірлескен комитетпен (комиссиямен), кәсіптік одақтардың немесе еңбек ұжымының ЕҚЖҚ жөніндегі уәкілетті (сеніп тапсырылған) адамдарымен, еңбекті қорғау мемлекеттік басқару органдарымен, еңбекті қадағалау және бақылаудың басқа қызметтерімен өзара байланыста қызметін жүзеге асырады» бұйрығын;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 23 тамыздағы № 205-ө «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды жүргізу, нұсқау беру және олардың білімін тексеру ережесін бекіту туралы» бұйрығын;

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1458 «Жұмыс берушінің қаражат есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын; ережелерін» қаулысы; жұмыс берушінің қаражат есебінен қызметкерлерге сүт беру нормаларын; жұмыс берушінің қаражат есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы» қаулысын;

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 166 «Міндетті медициналық бақылауды жүргізу ережелерін бекіту туралы» қаулысын;

ҚР МЕМСТ 12.0.003-74 «Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар»;

ҚР МЕМСТ 12.0.004-90 «Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру»;

ҚР МЕМСТ 12747001-89 «ЕҚСЖ. Жұмыс істейтіндердің қорғану құралдары. Жалпы талаптар мен сыныптауыш»;

ҚР МЕМСТ 12.0.230-2007 «ЕҚСЖ. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар ILO-OSH 2001»;

ҚР МЕМСТ 12.4.103-83 «ЕҚСЖ. Арнайы қорғайтын киім. Аяқ пен қолды жеке қорғау құралдары»;

ҚР МЕМСТ 12.4.034-2001 «ЕҚСЖ. Тыныс алу жолдарын қорғайтын жеке құралдар»;

ҚР МЕМСТ 30494-2011 «ЕҚСЖ. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар. Бөлмелердегі микроклимат параметрлері»;

ҚР МЕМСТ–Р 50571.8-94 (МЭК 364-4-47-81) «Ғимараттардың электрқондырғылары. 4-бөлім. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары»;

ҚР СТ ХСҰ 9001-2009 «Менеджмент сапа жүйесі. Талаптар»;

ҚР СТ 12.0.005-2010 «ЕҚСЖ. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тексеруді (аудит) ұйымдастыру»;

ҚР СТ 12.0.002-2010 «ЕҚСЖ. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тәуекелдерді бағалау мен басқару»;

ҚР СТ 12.0.003-2010 «ЕҚСЖ. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Әзірлеу, бағалау және кемелдендірудің жалпы талаптары» және тағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді.

ЕҚЖҚ қызметі қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру олардың лауазымдық міндеттерін қатаң регламенттеуді және әрқайсысына айқындалған құрылымдық бөлімшелерді немесе жұмыс бағыттарын бекітуді көздейді.

ЕҚЖҚ қызметі қызметкерлерінің жұмыс орындарын үстелмен, орындықпен, құжаттар сақтауға арналған кітап шкафымен жабдықтау, дербес компьютермен, телефон байланысымен және қажет кеңсе заттарымен, сондай-ақ нормативтік-анықтамалық әдебиетпен, жұмыс ерекшелігін ескере отырып, өндірістің осы түріне қажетті қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жедел бақылау құралдарымен қамтамасыз ету ұсынылады.

3. Нормативтік бөлім

3.1. Ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру

Жұмыс мазмұны:

Ішкі бақылауды және мониторингті жүзеге асыру:
ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) еңбек жағдайлары;
мемлекеттік еңбек инспекциясының және басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының ЕҚЖҚ бөлігіндегі шешімдері;

ЕҚЖҚ мәселелері бойынша ұйымдардың (кәсіпорындардың) бұйрықтары мен өкімдері.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, нормаларды, стандарттарды енгізуді бақылау.

Ұйымдағы (кәсіпорындағы) еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне мониторинг жүргізу.

Еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау бөлігінде аяқталған құрылысты немесе реконструкцияланған өндірістік маңызы бар объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына, сондай-ақ жөнделген қондырғыларды, агрегаттарды, станоктарды және басқа да жабдықтарды қабылдап алу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу.

Қызметкерлерге: жұмысқа жаңадан кіріскендерге, іссапарға келгендерге, сондай-ақ өндірістік оқуға немесе тәжірибеге келген оқушылар мен студенттерге нұсқама (алғашқы, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты) нұсқама жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің жауапты адамдарын бақылау.

Гимараттардың, құрылыстардың, жабдықтардың техникалық жай-күйін еңбекті қорғау, вентиляциялық жүйелер, санитарлық-техникалық қондырғылар, санитарлық-тұрмыстық орын-жайлар жұмысының тиімділігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне тексерулер немесе зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру (1-кесте).

1-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру	бір тексеру	2,75

3.2. Қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу

Жұмыс мазмұны:

Кіріспе нұсқаманы жүргізуге материалдар дайындау. Лауазымдық нұсқаулықтар негізінде кіріспе нұсқаманың жоспарын жасау. Жұмысқа жаңадан келген қызметкерлерге кіріспе нұсқама жүргізу. Қызметкерлерді еңбекті қорғау талаптарымен таныстыру (2-кесте).

2-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу	бір кіріспе нұсқама	2,20

3.3. ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу

Жұмыс мазмұны:

Нұсқаулықты әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі материалдарды іріктеу. Әдебиетпен қамтамасыз ету және консультация жүргізу.

Зерделеу:

жұмысты жүзеге асыруда қолданылатын қорғану заттарының құрылымдық ерекшеліктері мен тиімділігін;

сәйкес мемлекеттік органдардың өнеркәсіптегі жазатайым оқиғалар мен апат нәтижелері бойынша жазылған ақпараттық хаттарын, бұйрықтарын, өкімдерін;

технологиялық үдерістерді, қалыпты ағымда және қалыптан тыс жағдайларда қауіпті және зиянды өндірістік факторларды айғақтау, сонымен қатар айтылған факторлардан қорғану құралдары мен шараларын анықтау.

Мамандығына немесе орындалатын жұмысының түріне байланысты қызметкерлерге салааралық немесе салалық типтік нұсқаулықтың негізінде өндірістің нақты шарттарын ескере отырып қолдану және жөндеу құжаттарында көрсетілген қауіпсіздік талаптары негізінде ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу.

Ұйымдардың бөлім басшыларына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге және қайта қарауға әдістемелік көмек көрсету.

Нұсқаулықтарды тиісті органдармен келісу. Әзірленген нұсқаулықты ұйым (кәсіпорын) басшысының бекітуі (3-кесте).

3-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір нұсқаулық	9,03
<i>Ескертпе:</i> Жұмысқа кірісетін жаңа өндірістер, технологияларға немесе жабдықтарға, мемлекеттік қабылдау комиссиясының алдында, уақытша нұсқаулықтарды енгізуге жол беріледі		

3.4. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу**Жұмыс мазмұны:**

Құрылымды айқындауға, алынған ақпаратты талдауға қатысу, толтыруға жәрдемдесу, жұмыс тобының басқа мүшелерімен келісу, лауазымдық нұсқаулықтардың мәтіндеріне қажетті толықтырулар мен өзгертулер енгізу (4-кесте).

4-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір лауазымдық нұсқаулық	0,37

3.5. Қызметкерлерді ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту жүргізуді ұйымдастыру**Жұмыс мазмұны:**

Оқудан өтетін топтарды қалыптастыру. Оқу топтарының кестесін жасау.

Оқу бағдарламаларын түзету және үйлестіру, өндіріс процесінде қолданылатын ЕҚЖҚ бойынша білімдерін тексеру. Оқуды уақытылы және сапалы жүргізуді бақылау, ұйымның (кәсіпорынның) білімін тексеру (5-кесте).

5-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлерді ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқытуды жүргізуді ұйымдастыру	бір оқу курсы	3,52

3.6. Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

Жұмыс мазмұны:

Басшыларды, мамандарды және ұйымдағы (кәсіпорындағы) ЕҚЖҚ қамтамасыз етуге жауапты адамдарды біліктілікті арттыру курстарында оқытуды ұйымдастыру.

Басшылық жасайтын қызметкерлердің және ұйымдағы (кәсіпорындағы) ЕҚЖҚ қамтамасыз етуге жауапты адамдардың деректер банкіне енгізу және олардың біліктілікті арттыру курстарынан оқудан өту кезеңділігін айқындау (6-кесте).

6-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	біліктілікті арттырудың бір курсы	1,10

3.7. Қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру

Жұмыс мазмұны:

Жұмысты ұйымдастыру:

Белгіленген тәртіпте бекітілген нормаларға сәйкес жеке қорғану құралдарын сатып алу бойынша қызметкерлерге арнайы киімдер, арнайы аяқ киімдер мен басқа да жеке қорғану құралдарын жұмыс берушілердің қаражаты есебінен беру.

МСТ-ға сәйкес жеке қорғану құралдарының сапасын (ассортимент бойынша, номенклатура, көлемі бойынша) тексеру бойынша.

Жеке қорғану заттарын дұрыс тазалауды және жууды бақылау (7-кесте).

7-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру	жеке қорғану заттарына бір өтінім	1,65

3.8. Қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылауды жүргізуді ұйымдастыру

Жұмыс мазмұны:

Ұйымның (кәсіпорынның) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте ұйымның (кәсіпорынның) бөлімшелерімен бірлесіп, еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін, мерзімдік медициналық бақылаудан және тексеріп-қараудан өтуге тиіс қызметкерлердің зиянды және қауіпті факторларды көрсете отырып, жеке тізімін жасау.

Мерзімдік медициналық бақылаудан өту кестесін СЭҚ және медициналық бақылауды жүргізетін емдеу мекемесімен келісу.

Медициналық қобдишамен және жуғыш құралдармен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру (8-кесте).

8-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастыру	бір мерзімдік медициналық бақылау	3,85

3.9. Ұжымдық келісімді құрастыруға қатысу

Жұмыс мазмұны:

Ұжымдық келісімнің «Еңбекті қорғау» бөлімін, ЕҚЖҚ келісін жасауға қатысу.

Ұйымда (кәсіпорында) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, қосымша демалыс, қосымша төлемдер мен күнін алуға, қысқартылған жұмыс, сонымен қатар зиянды еңбек жағдайлары үшін тегін сүт пен басқа да толыққанды азық-түліктерді беруге қызметкерлердің тізімін жасауға қатысу (9-кесте).

9-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Ұжымдық келісімді құрастыруға қатысу	бір ұжымдық келісім	0,96

3.10. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу

Жұмыс мазмұны:

Жазатайым оқиға туралы уәкілетті ұйымдарға хабарлама дайындау.

Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру ҚР ЕК 37-тарауына сәйкес жүргізіледі.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын жинақтау, дайындау және құрастыру.

Жазатайым оқиға туралы актіні жасауға қатысу. Жазатайым оқиғалар мен денсаулыққа келген өзге де зақымдарды тіркеу журналына актіні тіркеу және уақытша еңбекке жарамсыздық пен өндірістегі жарақаттану туралы статистикалық есепке енгізу.

Өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру мәселелері бойынша келіспеушілік болған жағдайда материалдарды қарауға қатысу (10-кесте).

10-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу	бір жазатайым оқиға	88,0

3.11. Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану мен кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау

Жұмыс мазмұны:

Өндіріс учаскелеріндегі еңбек жағдайларына жедел талдау жүргізу, қатерлерді, ұйымдағы өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың жай-күйі мен себептерін монографиялық, топографиялық және статистикалық талдау әдістерімен бағалау.

Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы есепті ЖА-16 нысаны бойынша дайындау.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарында анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдау (11-кесте).

11-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану және кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау	бір құжат	3,33

3.12. Белгіленген нысандар бойынша есептілікті жасау, ұйымда (кәсіпорында) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу

Жұмыс мазмұны:

Ағымдағы кезең үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі есептілікті белгіленген нысан бойынша дайындау (ЖКА-7 нысан).

Мемлекеттік еңбек инспекциясына ақпаратты, мәліметті, белгіленген есептерді немесе өзге де құжаттарды, оның міндеттеріне сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсыну.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша статистикалық есепті тапсыру (12-кесте).

12-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Белгіленген нысандар бойынша есептілікті жасау	бір есеп	2,5
Ұйымда (кәсіпорында) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу	бір құжат	1,16

3.13 Өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру

Жұмыс мазмұны:

Жұмыс орындарын есепке алу және жұмыстарды санаттары, атауы, кәсіптері бойынша, жұмыс түрлері, мамандықтардың атаулары, орындаушылардың саны, механикаландыру және автоматтандыру деңгейі, қызмет көрсету жабдықтарының саны бойынша сыныптау.

ҚР Үкіметі бекіткен аттестаттау жүргізу тәртібіне сәйкес басқа қызметтермен бірлесе отырып, еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді бағалауға қатысу.

Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелері туралы құжаттарды ресімдеуге қатысу (нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс орындарын аттестаттау хаттамасы, аттестаттау карталары, жұмыс орындарының ведомостары).

Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерінің қорытындылары бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу (13-кесте).

13-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Өндірістік объектілерге	бір өндірістік объектіні	4,95

аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру	аттестаттау	
-----------------------------------	-------------	--

3.14. Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар

Жұмыс мазмұны:

Еңбектің қауіпсіз жағдайларының жай-күйін бақылау, әзірлемелерді қамтамасыз ету, ұйымда (кәсіпорында) ЕҚБЖ енгізу және тиімді жұмыс істеуін байқау.

Қызметкерлерге жұмыс орнындағы еңбек жағдайларының жай-күйі туралы, кәсіптік аурулардың себептері мен кәсіптік аурулардың басталуының ықтимал мерзімдері туралы, сондай-ақ қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қорғану бойынша қабылданған шаралар туралы жұмыс беруші атынан хабарлау.

Ұйымдардың (кәсіпорындардың) бөлімшелерін ЕҚЖҚ бойынша нормативтік-техникалық әдебиетпен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кабинеттерін қажетті оқу құралдарымен, макеттермен, анықтама әдебиетпен, плакаттармен, теледидармен, бейнефильмдермен, кәсіпорынның шағын тиражды баспасымен жинақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сондай-ақ оларға тиісті ақпараттық стендтердің жабдықталуына әдістемелік көмек көрсету.

Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) өндірістік жарақаттануды және кәсіптік ауруларды болдырмау шараларын әзірлеу.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдерін талқылауға және бекітуге қатысу (14-кесте).

14-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар	бір шара	1,65

3.15. Қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау

Жұмыс мазмұны:

Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау және солар бойынша жұмыс берушіге (бөлімшелер басшыларына) қазіргі және тергеп-тексеру барысында анықталған кемшіліктер мен олқылықтарды қарау бойынша ұсыныстар, сондай-ақ өтініш берушілерге жауаптар дайындау (15-кесте).

15-кесте

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Уақыт нормативі, адам-сағ.
Қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау	бір хат (арыз, шағым)	0,38

Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) ЕҚЖҚ сан нормативін айқындаудың қорытынды кестесі (16-кесте)

Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) ЕҚЖҚ қызметі қызметкерлерінің санын есептеу жыл ішінде орындалатын жұмыстардың еңбек сыйымдылығына байланысты еңбекті қорғаудың айқындалған функциялары мен міндеттеріне сәйкес жоғарыда келтірілген әдіс бойынша жүргізіледі

(16-кесте)

№	Норматив бойынша орындалатын жұмыс түрлерінің атауы	Орындалатын жұмыстың өлшем бірлігі	Норматив бойынша тармақ, кесте нөмірі	Жинақ бойынша белгіленген жұмысты орындауға жұмсалған шұғыл уақыт, $T_{опi}$, адам-сағат	Уақыт нормасы,; $H_{врi}$, адам-сағат	Орындалған жұмыстардың жылдық көлемі, V_i	Нормаланатын жұмыстардың еңбек сыйымдылығы, адам-сағат; T_m
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру	бір тексеру	3.1-тармақ 1-кесте	2,50	2,75		
2	Қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу	бір кіріспе нұсқама	3.2-тармақ 2-кесте	2,0	2,20		
3	ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір нұсқаулық	3.3-тармақ 3-кесте	8,21	9,03		
4	Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір лауазымдық нұсқаулық	3.4-тармақ 4-кесте	0,34	0,37		
5	Қызметкерлерге ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту жүргізуді ұйымдастыру	бір оқу курсы	3.5-тармақ 5-кесте	3,2	3,52		
6	Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	біліктілікті арттырудың бір курсы	3.6-тармақ 6-кесте	1,0	1,10		

16-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
7	Қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру	жеке қорғану құралдарына бір өтінім	3.7-тармақ 7-кесте	1,5	1,65		
8	Қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастыру	бір мерзімдік медициналық тексеріп-қарау	3.8- тармақ 8-кесте	3,5	3,85		
9	Ұжымдық келісімді құрастыруға қатысу	бір ұжымдық шарт	3.9- тармақ 9-кесте	0,87	0,96		
10	Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу	бір жазатайым оқиға	3.10-тармақ 10-кесте	80	88,0		
11	Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану мен кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау	бір құжат	3.11-тармақ 11-кесте	30,3	3,33		
12	Белгіленген нысандар бойынша есептілікті дайындау, ұйымдарда (кәсіпорындарда) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу	бір есеп бір құжат	3.12-тармақ 12-кесте	3,33	3,66		
13	Өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру	бір өндірістік объектіні аттестаттау	3.13-тармақ 13-кесте	4,5	4,95		
14	Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар	бір іс-шара	3.14-тармақ 14-кесте	1,5	1,65		
15	Қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау	бір хат (арыз, шағым)	3.15-тармақ 15-кесте	0,3	0,38		

ЕҚЖҚ қызметінің сан нормативтерің есептеу үлгісі (17-кесте)

Шартты кәсіпорын үлгісі бойынша ЕҚЖҚ қызметінің сан нормативін есептеу

Бастапқы деректер:

Ұйымдағы бөлімшелердің саны – 23;

Алғаш рет жұмысқа алынған қызметкерлердің саны бір жылда – 40 адам;

Бір жылдағы тексерулердің саны – 261;

Бір жылда әзірленген нұсқаулықтар саны – 10;

Бір жылда өткізілген курстар саны – 14;

Жұмыс уақытының бір жылдық пайдалы қоры – 1960 сағат (ағымдағы жылғы)

17-кесте

р/с №	Норматив бойынша орындалатын жұмыс түрлерін атаулары	Орындалатын жұмыстың өлшем бірлігі	Норматив бойынша тармақ, кесте нөмірі	Уақыт нормалары $H_{\text{врі}}$	Орындалған жұмыстардың жылдық көлемі V_i	Нормаланатын жұмыстардың еңбек сыйымдылығы T_m	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру	бір тексеру	3.1-тармақ 1-кесте	2,75	261	717,75	Бір жылға тексерулер саны (күнделікті 245+ ай сайынғы 12 + тоқсандық 4)
2	Қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу	бір кіріспе нұсқама	3.2-тармақ 2-кесте	2,20	40	88	Жұмысқа кіргендердің бір жылға саны
3	ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір нұсқаулық	3.3-тармақ 3-кесте	9,03	40	361,2	Бір жылда әзірленген нұсқаулықтар саны

1	2	3	4	5	6	7	8
4	Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу	бір лауазымдық нұсқаулық	3.4-тармақ 4-кесте	0,37	22	8,14	Бір жылда әзірленген лауазымдық нұсқаулықтар саны
5	Қызметкерлерге ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту жүргізуді ұйымдастыру	бір оқу курсы	3.5-тармақ 5-кесте	3,52	14	49,28	Бір жылда өткен курс
6	Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	біліктілікті арттырудың бір курсы	3.6-тармақ 6-кесте	1,10	3	3,3	Бір жылда біліктілікті арттыру курстарының саны
7	Қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру	жеке қорғану құралдарына бір өтінім	3.7-тармақ 7-кесте	1,65	6	9,9	Бір жылдағы өтінімдер саны
8	Қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастыру	бір мерзімдік медициналық тексеріп-қарау	3.8- тармақ 8-кесте	3,85	1	3,85	Бір жылдағы медициналық тексеріп-қараудың саны
9	Ұжымдық келісімді құрастыруға қатысу	бір ұжымдық шарт	3.9- тармақ 9-кесте	0,96	1	0,96	Жылына бір рет, бір ұжымдық шарт
10	Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу	бір жазатайым оқиға	3.10-тармақ 10-кесте	88	1	88	Бір жылдағы жазатайым оқиғалардың саны
11	Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану мен кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау	бір құжат	3.11-тармақ 1-кесте	3,33	276	919,08	Айына бір рет бөлімшелердің саны (12*23)

17-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
12	Белгіленген нысандар бойынша есептілікті дайындау, ұйымдарда (кәсіпорындарда) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу	бір есеп	3.12-тармақ 12-кесте	3,66	1	3,66	Бір жылдағы есеп саны
13	Өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру	бір өндірістік объектіні аттестаттау	3.13-тармақ 13-кесте	4,95	3	14,85	Өндірістік объектіні аттестаттаудың бір жылдағы саны
14	Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	бір іс-шара	3.14-тармақ 14-кесте	1,65	230	379,5	Бір жылдағы іс-шаралар саны* бөлімше саны
15	Қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау	бір хат (өтініш, шағым)	3.15-тармақ 15-кесте	0,38	53	20,14	Бір жылдағы хаттар (өтініштер, хаттар) саны
Барлығы						2667,61	

Ұйымдағы (кәсіпорындағы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің саны мына формула бойынша есептелген:

$$q = \frac{T_n}{\Phi_n} = \frac{2668}{1960}$$

Ұйымдағы (кәсіпорындағы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің нормативтік саны 1,36-ға, яғни 1 адамға тең.

Белгілер мен қысқартулар

Осы нормативтік құжатта мынадай қысқартулар пайдаланылды:

ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЕХӘҚМ – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ҚР СТ ИСО - Қазақстан Республикасының Стандарты ИСО;

ЕҚСЖ - Еңбекті қорғаудың стандарттар жүйесі;

ЕУЖ – еңбекке уақытша жарамсыздық;

ЖҚҚ – жеке қорғану құралдары;

СЭҚ – санитарлық-эпидемиологиялық қызмет;

ЕҚБЖ – еңбекті қорғауды басқару жүйесі;

ЖКА – жарақаттану және кәсіптік аурулар;

ЖА-16 – жүктеме ажыратқыш – 16;

7- ЖКА – 7-жарақаттану және кәсіптік аурулар.

Қолданылған әдебиет

Б.В. Бычин, С.В. Малинин, Е.В Шубенкова Организация и нормирование труда: Оқулық/Ред. Ю.Г. Одегова–М.: Экзамен, 2003 жыл;

Б.М. Генкин Организация, нормирование и оплата труда на промышленных предприятиях. ЖОО арналған оқулық –М.: Норма, 2005 жыл;

М.И. Петров Нормирование труда: Практикалық оқу құралы – М.: Альфа-Пресс, 2005 жыл;

Организация, нормирование труда на предприятии (Мәтін)/ Оқу-практикалық оқу құралы. В.П. Пашут – М.: Кнорус, 2007 жыл.

Мазмұны

1. Жалпы бөлім.....	2
2. Еңбекті ұйымдастыру.....	5
3. Нормативтік бөлім.....	7
3.1. Ішкі бақылауды және еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру.....	7
3.2. Қызметкерлердің кіріспе нұсқамасын жоспарлау және жүргізу.....	7
3.3. ЕҚЖҚ жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу.....	8
3.4. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу.....	8
3.5. Қызметкерлерді ЕҚЖҚ мәселелері бойынша оқыту жүргізуді ұйымдастыру.....	8
3.6. Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.....	9
3.7. Қызметкерлерді жеке қорғану заттарымен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру.....	9
3.8. Қызметкерлерге мерзімдік медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастыру.....	9
3.9. Ұжымдық келісімді құрастыруға қатысу.....	10
3.10. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді ұйымдастыру және оған қатысу.....	10
3.11. Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) жарақаттану мен кәсіптік аурулардың өндірістік себептерін талдау.....	10
3.12. Белгіленген нысандар бойынша есептілікті дайындау, ұйымдарда (кәсіпорындарда) ЕҚЖҚ құжаттамаларын жүргізу.....	11
3.13 Өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру.....	11
3.14. Еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар.....	12
3.15. Қызметкерлердің ЕҚЖҚ мәселелері жөніндегі хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау.....	12
Ұйымдардағы (кәсіпорындардағы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау сан нормативін айқындаудың қорытынды кестесі.....	13
Қосымша.....	15
Белгілер мен қысқартулар.....	18
Қолданылған әдебиеттер.....	18